



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Количество испытуемых испытывающих чувства паники при неожиданном закипании средств на счету телефона составило 34% .

Испытуемые, постоянно чувствующие желание повторить попытки проверить свой телефон, когда им это недоступно составляют 54%. Так же было выявлено, что 67% испытуемых постоянно проверяют возможность доступа к сети WI-FI, при ее отсутствии.

Исследование показало, что 51% испытуемых оставив телефон дома, волновались бы, за то, что не могут выйти на связь с семьей и друзьями. Так же показало, что 68% испытуемых оставив телефон дома, вернулись бы за ним домой.

Таким образом, адикофония - зависимость от телефона и Интернета, боязнь быть отрезанным от виртуального мира. Проведенное исследование показало, что уровень проявления адикофонии в молодежной среде составляет 57%, что является высоким уровнем. Данный феномен мало изучен на сегодняшний день и заслуживает досконального изучения.

Список использованных источников

1. Гитихмаева Л.М. Психологические механизмы возникновения и особенности самодиагностики номофобии // Материалы международной научно-практической конференции «Социально-Гуманитарные науки в Казахстане: состояния, тенденции и перспективы развития». – Астана, 2016. ст.201-204
2. <https://tengrinews.kz/internet/skolko-lyudey-sidyat-v-sotssetyah-v-kazahstane-288639/>
3. <http://kontrolnaja.ru/dir/psychology/200912/>
4. <http://android-mobile.ru/proschay-smartfon-startovala-vsemirnaya-akciya-otkaza-ot-telefonov-1360212107>[электронный ресурс].Дата доступа18.12.2014;
5. <http://www.effecton.ru/1694.html>

УДК 371

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БЕРУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Даулетова Аяулым Маратқызы

aika.01.94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 5В090500-Әлеуметтік жұмыс мамандығының 2 курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Капин Батина

Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғырлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек.
(Неміс педагог-дефектолог П.Шуман)

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қортындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы делінген. Атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын атауға болады.Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі –еліміздің инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады.

Инклюзивті білім беру оқыту процессінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педогогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектепте

мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігінде ескерген жөн. Мүмкіндігі шектеулі балалар қатарына атап айтсақ оның бірі психикалық дамуы тежелген (ПДТ) оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар [1]. Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшелігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді [1].

2011 – 2020 жылдардағы Мемлекеттік бағдарламаны орындауда инклюзивті білім беруді дамытуда біраз жұмыстар жүргізілді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды және мүгедек балаларды жалпы білім беру ортасына «қауіпсіз аймақпен» қамтамасыз ету 129 жалпы орта білім беретін мектепте құрылды, бұл барлық санның 31,3 % - ын және былтырғы жылдың қазіргі уақытымен салыстырғанда 46 бірлікке артық. 2012 жылы жалпы орта білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту 29 бірлікке артты, яғни 128 мектепте, бұл барлық санның 31 % - ын құрайды. Жалпы орта білім беретін мектептердегі 60 түзете-дамыта оқыту сыныптарында 336 оқушы, бұл былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 26,8 % - ға артық. Түзете дамыта оқыту сыныптарының саны 15 бірлікке көбейді (33%). Арнайы сыныптар мен логопедиялық пунктер ашуға мүмкіндігі жоқ, бірақ 10 және оданда көп мүмкіндігі шектеулі балалар бар 51 мектепке дефектолог бірлігі енгізілді, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 37 бірлікке артық [2].

Балаларды инклюзивті біліммен қамту 13,7 % -ға көбейіп, мектеп жасындағы барлық мүмкіндігі шектеулі балалардың 42,6 % - ын құрады. Дамуында ерекше сұранысқа ие мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті біліммен қамту 46 %. Мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктірген балабақшалар саны 36 бірлік (қалада – 15, ауылда – 21). Арнайы топтар бар балабақшалар 45 % , ондағы тәрбиеленушілер 42 %. Қазіргі уақытта 16 арнайы топтардағы мектепке дейінгі біліммен және түзетумен 159 бала қамтылған. Психологиялық – дәрігерлік – педагогикалық кеңес беру мекемелері (3), психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері (11) саны еш өзгеріссіз қалды [2].

Жалпы инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Нағыз инклюзивті білім берудің 2 жүйесін : жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы қоймай, қайта жақындатады [1]. Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту- барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [1]. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді [1].

2015 жылға дейін инклюзивтік білім беру мен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25 пайызын қамту көзделсе, инклюзивті білімге жағдай жасаған мектеп үлесі 30-ға жету керек. Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайындағылар тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді, бұл баланың өзін –өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына , өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезуіне жол ашады, осы сенімділіктерін дамыта түсуде әлеуметтік педагогтың ролі зор. Оқытудың бұл түрі арқылы мүмкіндігі шектеулі бала өз қабілетіне сай , ата- анасынан

алшақтамай , яғни арнайы мектеп – интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай , тұрғылықты жерде білім алып, қоғам біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата –анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып , жеткіншек алдында жауапкершіліктері артады.Әлеуметтік педагог ата –анамен тікелей байланыста болып , баланың білім алуына үлес қосады.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен , жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым –қатынасқа құқұлы

4. Барлық адам бір- біріне қажет

5. Білім шынайы қарым –қатынас шеңберінде жүзеге асады

6. Барлық адамдар құрбы –құрдастырының қолдауы мен достығын қажет етеді

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету- өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру

8. Жан –жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді
Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік педагогтың, психологтың жұмыс жасаудағы ерекшелігі.

9. Мектеп жағдайына тез бейімделуге қажет әлеуметтік- адамгершілік жағымды мінез – құлық қалыптастыру

10. Оқуға қызығушылығын дамыту

11. Жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту(оқу белсенділігі, өз бетімен жұмыс істеу т.б.) арқылы оқудағы қиындықтарды жою

12. Жалпы интеллектуалдық біліктілігін жас ерекшелігіне қарай дамыту(салыстыру, қарым –қатынас, практикалық топ, ойлау т.б.)

13. Жалпы даму деңгейін көтеру және жеке дамуындағы ауытқушылықты түзету.

14. Өз жасына сәйкес баланың жалпы дамуын және біліктілігін дағдыларын нығайту үшін жағымды әлеуметтік орта қалыптастыру

Күтілетін нәтиже:

– Оқудағы негізгі қиындықтары жойылады

– Әлеуметтік – адамгершілік қасиеттері дамиды, жағымды мінез – құлық қалыптасады.

– Өзіне деген сенімділігі артады [3].

Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы мұғалімдер – психолог, әлеуметтік мұғалім, олигофрено мұғалімі, логопед мұғалімдері болмаған жағдайда, тәрбиешілерді, бастауыш кластың мұғалімдерін, қазақ тілі мұғалімдерін мүмкіндігі шектелген кемтар, мүгедек балаларды инклюзивті оқыту қурыстарына оқытып алулары қажет.Кемтар балаларға жалпы мектептің куәлігін беруге болмайды, олар тек 9 сыныпты игеріп бітіргеннен кейін профтехникалық лицейлерге жіберіледі. Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады [4]. Еліміздің Ата заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы тиістігі жазылса да, өкінішке орай мүмкүндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе күйінен түспей тұр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Мәселе Аудан бойынша мүгедек және мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 2013 жылғы есеп бойынша 378-ге жеткен. Ауданымыздың жалпы орта білім беретін 16 мектебінде 113 мүмкіндігі шектеулі (психикалық дамуы тежелген балаларды) балалар инклюзивті білім нәрімен сусындалады. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына жағдай жасау қажет.

«Білім туралы» Қ.Р-ның Заңының 21-тармағының 3 тармақшасына сәйкес инклюзивті білім беру – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды

бірілесіп оқыту және тәрбиелеу;". Сондықтан мамандар елімізде инклюзивті білім беруді дамыту қажет екендігін алға тартады [4].

Мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы [5]. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.
- Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.
- Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту [6].

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістік кезетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді [6].

Астана қаласының білім басқармасының әдіскері Гүлнар Камашеваның айтуынша, кемтар балалардың арнаулы сыныптарда немесе үйде оқитынын анықтайтын елордада психологиялық-медициналық кеңес беру жөнінде үш мекеме жұмыс істейді. Сонымен қоса, қаладағы №65 мектепте есту қабілеті төмен – 79, №18 мектепте тіл мүкістігі бар – 54, №10 мектепте көру қабілеті төмен 185 бала білім алуда. Бұдан бөлек, арнаулы түзету мектеп-интернатында 260 бала оқып жүр. Бірақ кейінгі кезде жалпы инклюзивті білім беру тұрғысында кейбір түйткілді мәселелер бар екенін жасыруға болмайды. Солардың бірі – осы бағытта оқытатын педагогтардың жетіспеушілігі. Екіншіден, мүгедек балалардың барлығын бірден партаға отырғызып, оқытып кетудің мүмкін еместігі. Үшіншіден, оқытқанның өзінде көпшілік ата-аналар тарапынан кеңінен қолдау таппай отырғандығы. Мемлекетіміз білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасына инклюзивті білім беруді дамытуды да қосты. Бүгінгі таңда іс-тәжірибе көрсетіп отырғанындай, елімізге мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің ұлттық бағдарламасы қажет болып отыр. Қазақстанда бұған дейін мұндай балалар арнаулы мекемелерде бөлек оқытылып келген еді. Қазір дені сау балалармен қатар білім алып, жалпы ортаға бейімдеуі қажет екендігі мойындалып келеді. Тек соның өзгешеліктерін ескере отырып, жай мектептің оқу бағдарламасына кіріктірген жөн. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, мүмкіндіктерін жетілдіретін жалпы білім үрдісінің дамуы болып саналады.

Сондықтан, инклюзивті оқыту арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады [7].

2013-2014 оқу жылында 6-7 жас аралағындағы нашар еститін және естімейтін, сөйлей алмайтын оқушыларға, мектепалды даярлығы жоқ балаларға арналған даярлық тобы ашылды. Алдағы 2014-2015 оқу жылында инклюзивті бағыттағы сыныптар Алматы ауданы бойынша – №63 орта мектеп базасында, Сарыарқа ауданы бойынша – Сейфуллин көшесінің бас жағында ашылатын жаңа мектеп базасында, Есіл ауданы бойынша – 2014 жылы пайдалануға берілетін жаңа мектеп базасында пайда болады [8].

2012-2013 оқу жылдарында «Инклюзивті білім беру және оның болашағы» атты біліктілігін жетілдіру курстарынан 155 мұғалім мен маман өтті. Қазір әр мектептің штаттық кестесінде психологтар бірлігі қарастырылған және барлық мектептерде психолог мамандар оқушылармен, ата-аналармен арнайы тақырыптарда тренингтерді жоспарлы түрде өткізіп отырады. Ал, құлағы шалыс еститін, тілі мүкіс балалар үшін мектеп штатында сурдопедагог және дефектологтар жұмыс істейді [8].

Қорыта келе, кез келген дамыған елде инклюзивті білім беру мекемелері қолданысқа ие, әрі қолжетімді болып келеді. Ең бастысы, инклюзивті білім беру жүйесінде, балалар жынысына, жас ерекшелігіне, қимыл-қозғалысы мен ақыл-есіндегі ауытқушылыққа, әлеуметтік жағдайына қарамастан, сапалы білім алуға мүмкіндік алады.

Инклюзивті білім беру- ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылатын оқыту жүйесі қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге, оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқыда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік араны білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытуды ашқан мекемелерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алса, олардың бір бірімен қарым қатынас жасауға, танып бәлуге, қабылдауға үйренеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://roo-mugalzhar.kz/index.php/ru/2014-04-21-15-25-28>
2. <http://kzgov.docdat.com/docs/455/index-505273.html>
3. <http://sabaqtar.kz/bayandama/988-inklyuzivt-blm-beru-salasynday-leumettk-pedagogty-rol-bayandama.html>
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
5. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
6. http://www.rusnauka.com/36_PVMN_2012/Pedagogica/5_123181.doc.htm
7. <http://www.astana-akshamy.kz/?p=11747>
8. <http://www.astana-akshamy.kz/?p=19633>